

Ақтөбе облысының әділет департаментінде 2017 жылғы 07 сәуірде мемлекеттік тіркеу тізіліміне №5414 болып енгізілген

Ақтөбе қаласы

№54/119

2017 жылғы 03 наурыз

Қобда ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 2), 3) тармақшаларына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына және 27-бабының 2-тармағына сәйкес және Қобда ауданының өкілді және атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отыра, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған №1 схемалық картаға сәйкес Бұлақ ауылдық округінің шекаралары, оның құрамынан жалпы көлемі 36451 гектар аумақты, соның ішінде Талдысай ауылын шығара отырып өзгертілсін.

Жалпы көлемі 84697 гектар Бұлақ ауылдық округінің шекаралары белгіленсін.

2. Қоса беріліп отырған №1 схемалық картаға сәйкес, әкімшілік орталығы Талдысай ауылы болып, оның құрамына жалпы көлемі 36451 гектар аумақты, соның ішінде жалпы көлемі 5127 гектар Талдысай ауылын қоса отырып, Талдысай ауылдық округі құрылсын.

3. Құрсай, Исатай, Жанаталап ауылдық округтері таратылсын.

4. Қоса беріліп отырған №2 схемалық картаға сәйкес Қобда ауылдық округінің шекаралары, оның құрамына таратылатын Құрсай ауылдық округінің

жалпы көлемі 54761 гектар аумағын, соның ішінде жалпы көлемі 6963 гектар Құрсай ауылын қоса отырып өзгертілсін.

Жалпы көлемі 65731 гектар Қобда ауылдық округінің шекаралары белгіленсін.

5. Қоса беріліп отырған №3 схемалық картаға сәйкес Өтек ауылдық округінің шекаралары, оның құрамына таратылатын Исатай ауылдық округінің жалпы көлемі 96655 гектар аумағын, соның ішінде жалпы көлемі 13624 гектар Жарсай ауылын қоса отырып өзгертілсін.

Жалпы көлемі 159659 гектар Өтек ауылдық округінің шекаралары белгіленсін.

6. Қоса беріліп отырған №4 схемалық картаға сәйкес, әкімшілік орталығы Терісаққан ауылы болып, оның құрамына жалпы көлемі 38535 гектар Терісаққан ауылы әкімшілік-аумақтық бірлігінің аумағын, соның ішінде жалпы көлемі 4737 гектар Терісаққан ауылын, сондай-ақ таратылатын Жаңаталап ауылдық округінің жалпы көлемі 19340 гектар аумағын, соның ішінде жалпы көлемі 3368 гектар Жаңаталап ауылын қоса отырып, Терісаққан ауылдық округі құрылсын.

Жалпы көлемі 57875 гектар Терісаққан ауылдық округінің шекаралары белгіленсін.

7. «Ақтөбе облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» және «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемелері жаңадан құрылған әкімшілік-аумақтық бірліктерді ұстауды жоспарлау және қаржыландыру мәселелерін шешсін.

8. «Ақтөбе облысының статистика департаменті» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерінің есептік деректеріне тиісті өзгерістерді енгізсін.

9. «Ақтөбе облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі жер-кадастр құжаттамаларын Қобда ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысында жасалған өзгерістермен сәйкестендірсін.

10. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысының және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

11. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. САПАРБАЕВ

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

А. САДЫҚОВ

Булак ауылдық округі әкімшілік аумағының бөлінісі туралы

СЫЗБАСЫ №1
СХЕМА №1

раздела административной территории Булакского сельского округа

Масштаб 1: 250 000

Кобда ауданының әкімі М.З. Шермағанбет


Ақым Кобдинского района

Кобда аудандық

маслихатының хатшысы

Секретарь маєлихаты Кобдинского района

Ж.К. Ергалиев

 Талдысай ауылдық округінің шекарасы - 36 451 га

оның ішінде: елді мекенге бекітілгені:

1. Талдысай ауылына - 5127 га


граница Талдысайского сельского округа - 36 451 га

в том числе: закреплено населенному пункту:

1. с. Талдысай - 5127 га

Жалпы көлемі - 121 148 га

Общая площадь - 121 148 га



Булак ауылдық округінің шекарасы - 84 697 га

оның ішінде: елді мекенге бекітілгені:

1. Әли ауылына - 5423.25 га

2. Булак ауылына - 1101.65 га

граница Булакского сельского округа - 84 697 га

в том числе: закреплено населенному пункту:

1. с. Али - 5423.25 га


2. с. Булак - 1101.65 га

Кобда және Курсай ауылдық округтері
 аймағында аумақтарының бірігуі туралы
 СЫЗБАСЫ №2
 СХЕМА №2

объединении административных территорий
 Кобдинского и Курсайского сельских округов
 Масштаб 1: 250 000

Кобда ауылдық округі
 Ақын Кобдинского району
 М.З. Шермағамбет

Кобда ауылдық
 мәслихатының хатшысы
 Секретарь маслихата Кобдинского района
 Ж.К. Ергалиев



Курсай ауылдық округінің шекарасы - 54 761 га
 оның ішінде: елді мекенге бекітілгені:
 1. Курсай ауылына - 6963 га
 граница Курсайского сельского округа - 54 761 га
 в том числе: закреплено населенному пункту:
 1. с. Курсай - 6963 га



Кобда ауылдық округінің шекарасы - 10 970 га
 оның ішінде: елді мекенге бекітілгені:
 1. Кобда ауылына - 10 329,0 га



граница Кобдинского сельского округа - 10 970 га
 в том числе: закреплено населенному пункту:
 1. с. Кобда - 10 329,0 га

Жалпы көлемі - 65 731 га
 обшая площадь - 65 731 га

**Өтек және Исатай ауылдық округтері аймақтық аумақтарының бірігуі туралы
СЫЗБАСЫ №3
СХЕМА №3**

Масштаб 1: 300 000

Қобда ауылдық округі
Ақпін Кобдинского району
М.З. Шермағамбет

Қобда ауылдық
маслақатының хатшысы
Ж.К. Ергалиев
Секретарь маслхата Кобдинского района



Исатай ауылдық округінің шекарасы - 96 655 га
оның ішінде: еліі мекенге бекітілгені:
1. Жарсай ауылдына - 13 624 га
граница Исатайского сельского округа - 96 655 га
в том числе: закреплено населенному пункту
1. с. Жарсай - 13 624 га

Өтек ауылдық округінің шекарасы - 63 004 га
оның ішінде: еліі мекенге бекітілгені:
1. Өтек ауылдына - 5781 га
граница Оттекского сельского округа - 63 004 га
в том числе: закреплено населенному пункту
1. с. Отек - 5781 га

Жалпы көлемі - 159 659 га
Общая площадь - 159 659 га

Терісаққан ауылы әкімшілік аумақтық бірлігі мен
Жаңаталап ауылдық округі әкімшілік аумағының бірігуі туралы
СЫЗБАСЫ №4
СХЕМА №4

объединение административных территорий
административно-территориальной единицы села Терісаққан и Жаңаталапского сельского округа
Масштаб 1: 150 000

Қобла ауданының әкімі М.З. Шермағанбет
Аким Коблинского района
Қобла ауданының
мәжілісатының хатшысы Ж.К. Ергалиев
Секретарь масліхаты Коблинского района

